**2002 жылға арналған "Қарулы Күштеріне басшылық жасаудың ақпараттық жүйесін құру" 034 бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны
150 000 мың теңге

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" 1992 жылғы 22 желтоқсандағы Заңы.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын құру және дамыту мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 16 мамырдағы N 573 Жарлығы.

"Бюджеттік бағдарламаның паспортын жасау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 желтоқсандағы N 1743 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 наурыздағы N 368 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі Республикалық бюджет.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты

Жаңа технологияларды енгізу және ҚР ҚК бірыңғай ақпарат жүйесін құру жолымен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне тиімді басшылық жасауды қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері

Жедел-тактикалық және стратегиялық шешімдерді әзірлеу, жоспарлау және қабылдау кезінде ҚР ҚК басшылығы мен басқару органдарын геоақпараттық деректермен қамтамасыз ету.

ҚР ҚК инфрақұрылымы мен ақпарат жүйесін жобалау, әзірлеу және құру.

ҚР ҚК қару-жарағы мен әскери техникасының есебін жүргізудің автоматтандырылған жүйесін құру.

ҚР ҚМ деректер беру жүйесінің автоматтандырылған жүйесін дамыту.

Пайдалану мерзімі өткен және моральдық ескірген компьютерлік және перифериялік жабдықтарды ауыстыру.

ҚР ҚМ ресми интернет-бетінің қызмет жасауын қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р/с N | Бағ.дар.лама коды | Шағын бағ.дар.лама коды | Бағдарла.ма (шағын бағдарла.ма) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау.шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 034 | 030 | Қарулы Күштеріне басшылық жасаудың ақпараттық жүйесін құру | 1. Деректердің геокеңістік базасын жобалау, әзірлеу және енгізу.<br>2. Тақырыптық ГАЖ-қосымшалары.н әзірлеу және енгізу. | 2002 жылғы қаңтар-қазан<br>2002 жылғы наурыз-желтоқ.сан | Қазақстан Республика.сының Қорғаныс министрлігі |

3. Навигация міндеттерін 2002
шешу үшін дистанциялық жылғы
алдын ала тексеру деректері мамыр-
бойынша жергілікті сандық маусым
моделдерін әзірлеу және
енгізу.
4. Жауынгерлік іс-қимылдар. 2002
ды жедел басқару кіші жылғы
жүйесін әзірлеу және енгізу шілде-
(жабық сандық картографиялық қыркүй.
деректерді байланыс канал. ек
дары бойынша беру)
5. Геокеңістік базаны сан. 2002
дық тақырыптық карталармен жылғы
толтыру. қыркүй.
ек-жел.
тоқсан
6. ҚР ҚК автоматтандырылған 2002
басқару жүйесінің инфрақұры. жылғы
лымын жобалау. қаңтар-
наурыз
7. ҚР ҚК автоматтандырылған 2002
басқару жүйесінің инфрақұры. жылғы
лымын әзірлеу. наурыз-
желтоқ.
сан
8. ҚР ҚК автоматтандырылған 2002
басқару жүйесінің инфрақұры. жылғы
лымын құру. мамыр-
желтоқ.
сан
9. Қару-жарақ пен әскери 2002
техниканың есебін жүргізуді жылғы
автоматтандыру үшін компью. мамыр-
терлік жабдықтар мен бағдар. қазан
ламалық қамтамасыз етуді
сатып алу, құрастыру және
инсталляциялау.
10. ҚР ҚМ ресми интернет- 2002

бетіне қызмет көрсету. жылғы қаңтар-желтоқ. сан

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер

Қару-жарақ пен әскери техниканың есебін жүргізудің автоматтандырылған жүйесінің бірінші кезеңін құру (автоматтандырылған 63 жұмыс орны).

Жедел-тактикалық және стратегиялық шешімдерді жоспарлау және қабылдау үшін геокеңістіктік деректер базасын құру (сандық топографиялық карталардың 171 пакеті).

Жауынгерлік іс-қимылдарға жедел басшылық жасаудың ішкі жүйесін енгізу.

Деректер беру жүйесін кеңейту - ҚР ҚМ Орталық аппаратына әскери округтерге, әскер түрі мен тектеріне басшылық жасауды қосу.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Орталық аппаратындағы пайдалану мерзімі өткен және моралдық ескірген компьютерлік және периферийлік жабдықтарды ауыстыру.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі ресми интернет-бетінің қызмет жасауын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 23 қаңтардағы
N 90 қаулысына
9-қосымша

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі
-------------------------------------------

**2002 жылға "Елдің қорғаныс саласындағы саяси мүдделерін қамтамасыз ету" жөніндегі 036 бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны

100 000 мың теңге.

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі

"Т.И.Бұзыбаев туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 159 қаулысы.

"2002 жылға ТМД қатысушы-мемлекеттерінің әуе шабуылынан қорғаныс біріккен жүйесін жасауға және дамытуға қаржы бөлу туралы" ТМД қатысушы-мемлекеттері Қорғаныс министрлері кеңесінің 2001 жылғы 18 мамырдағы шешімі.

"2002 жылға ТМД қатысушы-мемлекеттері Қорғаныс министрлері кеңесінің және оның жұмысшы органдарының, сондай-ақ Отан қорғаушылар ескерткішін мәңгі есте қалдыру жөніндегі мемлекетаралық үйлестіру орталығының қызметін қамтамасыз етуге шығыстар сметасының жобасы туралы" ТМД қатысушы-мемлекеттері Қорғаныс министрлері кеңесінің 2001 жылғы 18 мамырдағы шешімі.

"Ұжымдық қауіпсіздік шартына қатысушы-мемлекеттер қарулы күштері бөлімшелерінің даярлығы және бірлескен әскери жаттығулар өткізу туралы" Ұжымдық қауіпсіздік шартына қатысушы-мемлекеттер Қорғаныс министрлері кеңесінің 2001 жылғы 21 қарашадағы шешімі.

"Ұжымдық қауіпсіздіктің орталық-азиялық аймағының Жедел қанат жаю ұжымдық күштерін құру, даярлау және қаржыландыру туралы" Ұжымдық қауіпсіздік шартына қатысушы-мемлекеттер Қорғаныс министрлері кеңесінің 2001 жылғы 21 қарашадағы шешімі.

3. Қаржыландыру көзі

Республикалық бюджет.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты

Ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері

Ұжымдық қауіпсіздік міндеттерін шешу жөніндегі ауқымды іс-шараларды өткізу; өткізілетін мәжілістерге, жиындарға тұрақты түрде қатысу; Мемлекет басшылары кеңесінің, Үкімет басшылары кеңесінің және Қорғаныс министрлері кеңесінің әскери саладағы шешімдерін іске асыру, соның ішінде бірлескен оқулар мен жаттығуларды ішінара қаржыландыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р/с N | Бағдарлама коды | Шағын бағдарлама коды | Бағдарлама (шағын бағдарлама) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 036 | 000 | Елдің қорғаныс саласындағы | 1. Мыналарға көзделген құралдарды уақытылы және толық қаржыландыруды қамта. | 1 жыл ішінде | Қазақстан Республика. сының |

саяси мүд. масыз ету жөніндегі шаралар. Қорғаныс
делерін ды ұйымдастыру: министрлігі
қамтамасыз Тәуелсіз Мемлекеттер Достас.
ету тығы қатысушы-мемлекеттері
әуе шабуылынан қорғаныс
біріккен жүйесін дамыту;
бірлескен жедел (тактикалық)
оқулар (жаттығу) даярлау
және өткізу;
оқу-әдістемелік жиындар,
ғылыми-практикалық конфе.
ренциялар, кеңес берулер;
әуе шабуылынан қорғаныс
жүйесін жетілдіру (жабдық.
тарды жөндеу және техника.
лық куәландыру);
Қорғаныс министрлері кеңесі
жанындағы Әуе шабуылынан
қорғаныс мәселелері жөнін.
дегі үйлестіру комитетінің
қызметін қамтамасыз ету.
2. Қорғаныс министрлері 1 жыл
кеңесінің және оның жұмысшы ішінде
органдарының мәжілістерін,
бірлескен жедел (тактикалық)
оқулар (жаттығулар), оқу-
ғылыми жиындар, ғылыми-
практикалық конференциялар,
кеңес берулер өткізу жолымен
ТМД Қорғаныс министрлері
кеңесінің және оның жұмысшы
органдарының қызметін
қамтамасыз ету.
3. Отан қорғаушыларды мәңгі 1 жыл
есте қалдыру жөніндегі ішінде
Мемлекетаралық үйлестіру
орталығының қызметін қамта.
масыз ету. Мәжілістер, кеңес
берулер, конференциялар, оқу

әдебиетін шығаруды өткізуді ұйымдастыру, Жеңіс күнін мерекелеу жөнінде шаралар өткізу.

4. Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің Хатшылығында Қазақстан өкілі Т.И.Бұзыбаевты ұстауға бөлінген шығындарды уақытылы қаржыландыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, ол оның ақшалай ұстауына, тұрғын үй жалдауына, медицит.налық шығындарына және авто. көлік ұстауы мен қызмет көрсетуіне жұмсалады. — 1 жыл ішінде

5. Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясын, Сыртқы істер министрлері кеңесінің және Қорғаныс министрлері кеңесінің бірлескен мәжіліс. терін, Штаб бастықтары комитетінің мәжілістерін, конференциялар мен кеңес берулер өткізу. — 1 жыл ішінде

6. Жедел қанат жаю ұжымдық күштерінің тұрақты жедел топтарының қызметін қамтама. сыз ету. — 1 жыл ішінде

7. Жедел қанат жаю ұжымдық күштерінің жедел-тактикалық және жауынгерлік даярлық шараларын өткізу. Жедел жиындар, "Оңтүстік терроpға қарсы - 2002", "Достастықтың оңтүстік қалқаны - 2002" және коман. далық-штабтық жаттығулар өткізу. — 1 жыл ішінде

| | | |
|---|---|---|
| 8. Жедел қанат жаю ұжымдық күштері тұрақты жедел тобының құрамындағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің өкілдігі. | 1 жыл ішінде | Қазақстан Республика. сының Қорғаныс министрлігі |
| 9. Ұжымдық қауіпсіздік шартына қол қойылғанының 10 жылдығы құрметіне бірлес. кен тактикалық жаттығулар өткізу. Жеке құрамды жаттығу ауданына және кері, тамақ. тануға тасу және жауынгерлік атыстар шығыстары. | 2002 жылғы мамыр | Қазақстан Республика. сының Қорғаныс министрлігі |
| 10. Шанхай ынтымақтастық ұйымының желісі бойынша көпұлтты жаттығулар өткізу. Жеке құрамды жаттығу ауданына және кері, тамақтануға тасу және жауынгерлік атыстар шығындары. | 1 жыл ішінде | Қазақстан Республика. сының Қорғаныс министрлігі |

---

7. Күтілетін нәтижелер

Жоғарыда мазмұндалған іс-шараларды орындау әуе қорғаныс саласында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік әзірлігін, жедел даярлықты жақсартуға, сондай-ақ терроризммен және ұйымдасқан қылмыспен күрес жөніндегі шараларды күшейтуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, аталған шараларды іске асыру орталық-азиялық аймақтағы тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 23 қаңтардағы
N 90 қаулысына
10-қосымша

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі
-------------------------------------------

**2002 жылға "Картографиялық-геодезиялық қамтамасыз ету" жөніндегі 038 бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны
100 000 мың теңге.
2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 22 желтоқсандағы N 2108-XII Заңының 16-бабы;

"Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 наурыздағы N 368 қаулысының 10-тармағы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері
Республикалық бюджет.
4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қазіргі заманғы электрондық және сандық әрі қағаз форматтағы салыстырмалы карталарымен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері

Қазақстан Республикасының әртүрлі масштабтағы электрондық және салыстырмалы карталары мен ірі қалалары жоспарларының қорларын жаңарту және толтыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р/с N | Бағ. дар. лама коды | Шағын баг. дар. лама коды | Бағдарла. ма (шағын бағдарла. ма) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 038 | 000 | Картогра. фиялық-геодезиялық қамтамасыз ету | 1. 1:100000 масштабтағы электрондық және салыстырма. лы топографиялық карталардың қорын жаңарту және толтыру. | 2002 жылдың қаңтар-мамыры | Қазақстан Республика. сының Қорғаныс министрлігі |
| | | | | 2. 1:1000000 масштабтағы электрондық және салыстырма. лы топографиялық карталардың қорын жаңарту және толтыру. | 2002 жылдың мамыры | |
| | | | | 3. 1:1000000 масштабтағы | 2002 | |

электрондық және салыстыр. жылдың
малы географиялық-шолу маусымы
карталардың қорын жаңарту
және толтыру.
4. 1:500000 масштабтағы 2002
электрондық және салыстыр. жылдың
малы топографиялық карталар. маусым-
дың қорын жаңарту және тамызы
толтыру.
5. ҚР 1:2000000 масштабтағы 2002
электрондық және салыстыр. жылдың
малы географиялық карталар. қыркүй.
дың қорын жаңарту және егі
толтыру.
6. ҚР 1:2000000 масштабтағы 2002
электрондық және салыстыр. жылдың
малы саяси-әкімшілік карта. қыркүй.
лардың қорын жаңарту және егі
толтыру.
7. 1:2000000 масштабтағы 2002
электрондық және салыстыр. жылдың
малы топографиялық карта. шілдесі
лардың қорын жаңарту және
толтыру.
8. Қалалардың 1:10000 2002
масштабтағы электрондық жылдың
және салыстырмалы жоспарлар желтоқ.
қорын жаңарту және толтыру. сан

---

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер

Ескірген карталарды өзгерту, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің электрондық және салыстырмалы картографиялық қорларын Қазақстан Республикасы қалаларының жоспарларымен және Қазақстан Республикасының карталарымен мына көлемде жаңарту және толықтыру:

ҚР 1:2000000 масштабтағы географиялық карталарымен - 4000 дана;

ҚР 1:2000000 масштабтағы саяси-әкімшілік карталарымен - 4000 дана;

1:100000 масштабтағы топографиялық карталармен 300000 - дана;

1:1000000 масштабтағы географиялық шолу карталарымен - 24000 дана;

1:1000000 масштабтағы топографиялық карталармен - 24000 дана;
1:500000 масштабтағы топографиялық карталармен - 5000 дана;
1:200000 масштабтағы топографиялық карталармен - 225000 дана;

Астана, Алматы, Тараз, Ақтөбе, Талдықорған, Атырау, Түркістан, Ақтау, Шымкент, Өскемен, Семей қалаларының 1:10000 масштабтағы жоспарларымен - 22000 дана.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 23 қаңтардағы
N 90 қаулысына
11-қосымша

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі
--------------------------------------------

**2002 жылға "Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінде бухгалтерлік есептің және есеп берудің автоматтандырылған жүйесін құру" жөніндегі 039 бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны
150 000 мың теңге.

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" 1992 жылғы 22 желтоқсандағы N 2108-XII Заңы , 16-бап;

Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есеп туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2732 Жарлығы .

"Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 наурыздағы N 368 қаулысы , 10-бап;

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі
Республикалық бюджет.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне автоматтандырылған бухгалтерлік есепті және есеп беруді енгізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бухгалтерлік есебі мен есеп берудің деректер базасын құру.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бухгалтерлік жұмыс орындарын қазіргі заманғы компьютерлік жабдықтармен және бағдарламалық қамтамасыз етулермен автоматтандыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р/с N | Бағдарлама коды | Шағын бағдарлама коды | Бағдарлама (шағын бағдарлама) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 039 | 000 | Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінде бухгалтерлік есептің және есеп берудің автоматтандырылған жүйесін құру | 1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі бухгалтерлік есебінің және есеп берудің автоматтандырылған жүйесін құруға тапсырманы әзірлеу және бекіту. | 2002 жылдың қаңтар-наурызы | Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі |
| | | | | 2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің деректер базасын басқару жүйесін (ДББЖ) жобалау және әзірлеу. | 2002 жылдың сәуір-тамызы | |
| | | | | 3. ДББЖ-ны тестілеу. | 2002 жылдың қыркүйек-желтоқсаны | |
| | | | | 4. ДББЖ-ны енгізу. | 2002 жылдың желтоқсаны | |
| | | | | 5. ДББЖ-ны пайдаланушыларды оқыту | 2002 жылдың қыркүйек-желтоқсан | |
| | | | | 6. Техникалық құжаттамаларды және ДББЖ-ны пайдалану жөніндегі техникалық құжаттамаларды даярлау. | 2002 жылдың тамыз-карашасы | |

7. ДББЖ-ны техникалық бағдарламалық жарақтандыру | 2002 жылдың мамыр-қыркүйегі

---

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер

Бухгалтерлік есептің және есеп берудің автоматтандырылған жүйесі ақпараттар беруді 3-4 есе жылдамдатады.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бухгалтерлік жұмыс орындарын қазіргі заманғы компьютерлік жабдықтармен және бағдарламалық қамтамасыз ету жұмыс істеу тиімділігін 70-80%-ке арттырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 23 қаңтардағы
N 90 қаулысына
12-қосымша

ЕСКЕРТУ. 12-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.11. N 90g қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі
---------------------------------------------

**2002 жылға "Жауынгерлік даярлықты қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар" жөніндегі 040 бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны
250000 мың теңге.

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы" 2000 жылғы 10 ақпандағы N 334 Жарлығының 1.7, 2.18, 3.3 тармақшалары;

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы әскери реформа тұжырымдамасын және 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған Қазақстан Республикасы әскери құрылысының мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" 2000 жылғы 7 шілдедегі N 418 Жарлығы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері
Республикалық бюджет.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты

Әскерлердің жауынгерлік даярлығын Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне жүктелген міндеттердің орындалуын кепілдендіретін сапалы деңгейде ұйымдастыру және қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері

Әскерлердің кәсіптік даярлығы мен жауынгерлік даярлығы жүйесіндегі сабақтарды материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

Әскери тактикалық және тактикалық-арнайы оқу-жаттығулардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік даярлығын басқарушы құрамның жиындарын өткізуді қамтамасыз ету.

Әскери саладағы жетілдірілген базалар құру, бөлімдер мен құрамаларды жауынгерлік даярлаудың қолда бар далалық объектілері мен казарма жанындағы базаларын қалпына келтіру, ағымдағы жөндеу, ұстау.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік даярлығын қамтамасыз ету үшін құралдарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р/с N | Бағ. дар. лама коды | Шағын бағ. дар. лама коды | Бағдарла. ма (шағын бағдарла. ма) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 040 | 000 | Жауынгер. лік даяр. лықты қам. тамасыз ету жөнін. дегі іс-шаралар | 1. Оқу атыстарын өткізу; тактикалық жаттығулар өткізу, жауынгерлік даярлық органдары басшылық құрамының далалық шығулары мен жиындары; | 2002 жылдың 1-4 тоқсаны | Қазақстан Республи. касының Қорғаныс министрлігі |
| | | | | 2. Жауынгерлік даярлықтың материалдық-техникалық оқу-жаттығу базасының құрылысы, қалпына келтіру және ағымда. ғы жөндеу: Оңтүстік әскери | 2002 жылдың 1-4 тоқсаны | |

округтің жалпыәскери поли.
гонының далалық база объек.
тілерін қалпына келтіру;
Құрлықтағы әскерлер Оқу
орталығы жауынгерлік даярлы.
ғының материалдық-техникалық
оқ-жаттығу базасын қалпына
келтіру;
кедерлігі алты тау жолағының
құрылысы.
3. Жауынгерлік даярлықты 2002
қамтамасыз етудің далалық жылдың
базасын ағымдағы жөндеу: 1-4
Оңтүстік әскери округі - 8 тоқсаны
объект;
Шығыс әскери округі - 6
объект;
Батыс әскери округі - 1
объект;
Орталық әскери округі - 1
объект;
Ұтқыр күштер - 1 объект.
4. Жауынгерлік даярлықтың 2002
оқу процесін жоспарлы өткізу жылдың
үшін қалпына келтіру мен 2-3
жөндеу жүргізіледі, атап тоқсаны
айтқанда:
Оңтүстік әскери округінің 2002
4 оқу корпусының казарма жылдың
жанындағы оқу базасын; 2-3
тоқсаны
Шығыс әскери округінің 3 оқу 2002
корпусын және Ұтқыр күштер. жылдың
дің 1 оқу корпусын. 2-3
тоқсаны
5. Полигон жабдығын жөндеу 2002
жылдың
2-3
тоқсаны

| | | |
|---|---|---|
| 6. Әскерлерді оқу-әдістеме. лік әдебиетпен қамтамасыз ету. | 2002 жылдың 2 - 4 тоқсаны | |
| 7. Бөлімдер мен құрамалар жауынгерлік даярлығының оқу-материалдық базасын жетілдіру үшін техникалық оқу құралдарын, баспахана жабдықтарын сатып алу | 2002 жылдың 3-4 тоқсаны | |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындалуынан күтілетін нәтижелер

1. Әскерлердің жауынгерлік даярлығын қамтамасыз ету:

оқу-жаттығу атыстары - 2090;

тактикалық оқу-жаттығулар - 332;

далалық шығулар - 674;

жиындар өткізу - 1;

роталардың далаға апталық шығулары - 674;

басқарушы құрамның, округтердің жауынгерлік даярлық бөлімдерінің, полигон (оқу орталықтарының) бастықтарының жиындары - 1.

2. Жауынгерлік даярлықтың материалдық-техникалық оқу-жаттығу базасын қалпына келтіру және ағымдағы жөндеу:

Жалпыәскери полигонның және Құрлықтағы әскерлер оқу орталығының далалық базалар объектілерін қалпына келтіру;

кедергілі алты тау жолағының құрылысы;

3. Далалық база объектілерін ағымды жөндеу:

дивизиондық оқу орталықтары - 5;

бригадалық оқу орталығы - 9;

батальондық оқу орталығы - 3;

казарма жанындағы оқу базасын қалпына келтіру және жөндеу:

оқу корпусы.

4. Полигон жабдығын жөндеу:

- күрделі жөндеу - 12%

- орташа жөндеу - 15%

5. Әскерлерді оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз ету - 15%.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 23 қаңтардағы

N 90 қаулысына
13-қосымша
ЕСКЕРТУ. 13-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.11. N 90g қаулысымен .
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі
--------------------------------------------

**2002 жылғы "Қарулы Күштер инфрақұрылымының негізгі өмір сүру функцияларын қамтамасыз ету" 041 бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны
2 326 653 мың теңге.
2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі
"Қазақстан Республикасының қорғаныс және Қарулы Күштері туралы" 1993 жылғы 9 сәуірдегі Заңының 19-бабы.
3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері
Республикалық бюджет.
4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты
Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері инфрақұрылымының тұрақты және тиімді қызмет етуіне қажетті жағдай жасау және қолдау көрсету.
5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері мен құрылымдарына коммуналдық қызметтің барлық түрлерін кепілдік берген үздіксіз көрсету жүйесін құру.
Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері инфрақұрылымының торларында материалдық құралдардың және техниканың авариялық жағдайларға қажетті қорын жасау.
Үйлер мен ғимараттардың ағымдағы жөндеуін қамтамасыз ету.
6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р/с N | Бағ. дар. коды | Шағын бағ. коды | Бағдарлама (шағын бағдарлама) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 1. Әскери бөлімдерге, құры. лымдарға коммуналдық қызмет (су, кәріздер) көрсету шарт. тарын жасау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру. Шарт талаптарының уақытылы және сапалы орындалуын бақы. лау және нақты көрсетілген қызметке ақы төлеу. | жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Қорғаныс министрлігі |
| | 041 | 000 | Қарулы Күштердің инфрақұры. лымы тірші. лік әреке. тінің не. гізгі функ. цияларын қамтамасыз ету | 2. Электр қуатымен үздіксіз қамтамасыз ету үшін әскери бөлімдер мен мекемелерге электр қуатын сатып алуға және ақылы тұтынушыларға босату шарттарын жасау. Жүйелі түрде шарт талаптары. ның орындалуын бақылау және нақты берілген электр қуаты. на ақы төлеу, жауынгерлік кезекшілігін атқарып жүрген әскери бөлімдерге ерекше назар. | жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Қорғаныс министрлігі |
| | | | | 3. Әскери бөлімдердің комму. налдық объектілерін отынмен үздіксіз қамтамасыз ету үшін қатты және сұйық отынды сатып алуға, сондай-ақ отынды қабылдау, тиеп түсіру, сақтау және тасымалдау бойынша қызмет көрсетулерге ақы төлеу жөнінде шарттар жасау. Отын-энергетикалық ресурс. тарды тиімді және үнемді пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру Шарт талаптарының орындалуын | жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Қорғаныс министрлігі |

бақылау және нақты берілген
отын үшін ақы төлеу.
4. Әскери бөлімдер мен меке. жыл Қазақстан
мелерді жылу энергиясымен бойы Республика.
үздіксіз қамтамасыз ету үшін сының
шарттар жасау, сондай-ақ Қорғаныс
ақылы тұтынушыларға босату. министрлігі
Шарт талаптарының орындалуын
бақылау және нақты берілген
жылу энергиясына ақы төлеу.
5. Ауыстыруды қажет етуші жыл Қазақстан
қондырғыларды жөндеуге және бойы Республика.
сатып алуға шарттар жасау. сының
Шарт талаптарының орындалуын Қорғаныс
бақылау және нақты алынған министрлігі
қондырғылар үшін ақы төлеу.
6. Ағымдағы жөндеу жұмыста. жыл Қазақстан
рына бекітілген титулдық бойы Республика.
тізімге сәйкес шарттар сының
жасау. Қорғаныс
Шарт талаптарының орында. министрлігі
луына бақылау және нақты
жүргізілген ағымдағы жөндеу.
ге ақы төлеу.
7. Қорғаныс министрлігінің жыл Қазақстан
объектілерінде шығарулардың бойы Республика.
шекті мөлшерінің, тасталу. сының
лардың шекті мөлшерінің Қорғаныс
жобаларын әзірлеуге министрлігі
шарттар жасау.
Шарт талаптарының орындалуын
бақылау және нақты жасалған
жобаларға ақы төлеу.
8. Қоршаған ортаны ластауға жыл Қазақстан
байланысты (қазандықтарда, бойы Республика.
дизель станцияларында жанған сының
өнімнің атмосфераға шығары. Қорғаныс
луына, шлактың қалдықтарына) министрлігі
актілер мен шоттардың келіп

түсуіне орай міндетті төлем.
дер төлеу.
9. Үйлер мен ғимараттарды жыл
жалға алуға шарттар жасау. бойы
Шарт талаптарының орындалу.
ын бақылау және шоттарға
сәйкес ақы төлеу.
10. Қолданылып жүрген заңна. жыл Қазақстан
маға сәйкес жер пайдалануға бойы Республика.
мемлекеттік актілер ресім. сының
деуге шарттар жасау. Қорғаныс
Шарт талаптарының орындалуын министрлігі
бақылау және шоттарға сәйкес
ақы төлеу.
Қайта құрылатын және көшірі.
летін әскери бөлімдер қолда.
нылып жүрген заңнамаға
сәйкес жер учаскелерін
иеліктен шығаруға шарт жасау
жөнінде жұмыстар жүргізу.
Шарт талаптарының орындалуын
және шоттарға сәйкес ақы
төленуін бақылау.
11. Жиһаздар, казарма жыл
мүкәммалы мен сейфтер бойы
сатып алу

---

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер

Қарулы Күштер инфрақұрылымының қызметін қамтамасыз ету жоғары жауынгерлік әзірлік пен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік қабілетін қолдауға мүмкіндік береді. Әскери бөлімдер мен Қорғаныс министрлігінің басқа құрылымдары жылумен, сумен, қазандықтарды отынмен, электр қуатымен (веерлік ажыратулардан басқасы) 100 процентке қамтамасыз етіледі.

Әскери бөлімдердегі әскери қызметшілердің өмір сүруі мен қызмет етуіне, азаматтық құрамның жұмыс істеуіне тұрмыстық жағдайды қалыптастыру.

Казарма жиһаздарының 10 проценті жаңартылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 23 қаңтардағы

N 90 қаулысына
14-қосымша
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі
--------------------------------------------

**2002 жылға "Қарулы Күштердің инфрақұрылымын дамыту" жөніндегі 042 бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны
1 567 445 мың теңге.
2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі

"Қазақстан Республикасының қорғаныс және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 9 сәуірдегі N 2108-XII Заңының 19-тармағы;

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 16 сәуірдегі Заңы;

"Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 20 қаңтардағы N 1901-XII Заңы;

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы" 2000 жылғы 10 ақпандағы N 334 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі

Республикалық бюджет.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері құрылысының негізгі бағыттарына сәйкес әрекеттегі, қайта құрылған және қайта орналастырылған әскери бөлімдерді толық құнды казармалық-тұрғын үй қорымен, техникалық ғимараттармен және құрылыстармен қамтамасыз ету, паркті арнайы және коммуналдық техникамен жаңарту. Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери қызметшілерінің тіршілік әрекетін қамтамасыз ету жөніндегі күрделі құрылыс, күрделі жөндеу, жобалық-зерттеу жұмыстары, пайдаланылған шығындар мәселелерінде техникалық-экономикалық саясат жасау.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылған және қайта орналастырылған әскери бөлімдері үшін күрделі құрылыс және жаңа объектілерді пайдалануға енгізу әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін тұрғын үйдің күрделі құрылысы және әрекеттегі тұрғын үй қорын жөндеу.

Мұқабалық тізім шеңберінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері

инфрақұрылымын дамытуды және тіршілік әрекетін қамтамасыз ететін ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу.

Әскери бөлімдерге, әскери мекемелерге, әскери қалашықтарға коммуналдық қызмет көрсетудің сапасын неғұрлым жақсарту және көлемін ұлғайту үшін арнайы және коммуналдық техника сатып алу жолымен арнайы техника паркін жаңарту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р/с N | Бағдарлама коды | Шағын бағдарлама коды | Бағдарлама (шағын бағдарлама) атауы | Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 042 | 000 | ҚР ҚК инфрақұрылымын дамыту | 1. Ақаулы актілерді, күрделі жөндеуге сметаларды жасау. | 2002 жылдың қаңтар-ақпаны | Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі |
| | | | | 2. Күрделі құрылысқа әзірленген жұмыс сызбалары мен жобалық-сметалық құжаттаманы техникалық-экономикалық сараптау | 2002 жылдың қаңтар-наурызы | |
| | | | | 3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің күрделі құрылыс пен күрделі жөндеуге жататын объектілерінің мұқабалық тізімдерін әзірлеу, бекіту және іске асыру | 2002 жылдың қаңтар-ақпаны | |
| | | | | 4. Күрделі құрылыс және күрделі жөндеу жөніндегі құрылыс-монтаждау жұмыстарын сатып алу жөніндегі байқауда жеңіп шыққан жасасу жөнін. | 2002 жылдың ақпан-наурызы | |

дегі жұмыстар
5. Күрделі құрылыс пен 2002
жөндеуді өндіру үшін техни. жылдың
калық қадағалау мен бақылау. қаңтар-
ды жүзеге асыру бақылау желтоқ.
өлшемдерін жүргізу. саны
6. Құрылысы мен жөндеуі 2002
біткен объектілерді пайда. жылдың
лануға енгізу наурыз-
желтоқ.
саны
7. Байқау талаптарына 2002
сәйкес, арнайы және комму. жылдың
налдық техникаларды жеткі. ақпан-
зіп беру жөніндегі байқауда наурызы
жеңіске жеткен жеткізіп
берушілермен шарттар жасасу
8. Арнайы, коммуналдық 2002
техниканы жеткізіп берудің жылдың
жүзеге асырылуын бақылау маусым-
және аудандық пайдалану шілдесі
бөлімдеріне бөлу. Жеткізіліп
берілген техникаға ұсыны.
латын сапа мен негізгі
талаптарды тексеру
9. Жеткізіліп берілген 2002
арнайы және коммуналдық жылдың
техника үшін міндеттеме. маусым-
лерге төлем жүргізу. тамызы
10. Аудандық-пайдалану 2002
бөлімдері бойынша бекітіл. жылдың
ген мұқабалық тізімге қаңтар-
сәйкес, Қазақстан желтоқ.
Республикасы Қарулы Күштері саны
объектілерінің күрделі
құрылысы мен күрделі жөндеу.
ді жүзеге асыру

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер

Күрделі құрылысқа бағытталған қаражаттар есебінен мыналар күтіледі: 4 жеке радиолокациялық ротаны, 2 мотоатқыштар бригадасын, ракеталық-артиллериялық полкті орналастыру үшін объектілер салу.

Тереңге салынған командалық пункттің құрылысын аяқтау.

Жалпы қажеттіліктің 15%-ін құрайтын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштері объектілерінің күрделі құрылысын жалғастыру. Астана қаласында 100 пәтерлік тұрғын үй салынатын болады, ол әскери қызметшілердің 100 отбасын тұрғын үймен қамтамасыз етеді.

Жалпы қажеттіліктің 15% көлемінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ғимараттары мен құрылыстарына күрделі жөндеу жүргізілді. Мысалы, Астана қаласындағы жатақхананы қайта құрастыру жүргізілетін болады.

Қайта орналастырылған әскери бөлімдер үшін Сороковая станциясындағы және Малиновка кентіндегі, сондай-ақ Атырау, Шымкент және Қаратау қалаларындағы объектілерді күрделі жөндеу орындалуда.

Радиоэлектроника әскери факультеті үшін ғимарат жөнделетін және пайдалануға енгізілетін болады, сондай-ақ Астана қаласындағы әскери емхананы күрделі жөндеу аяқталуда.

Осы бағдарламаны орындау нәтижесінде арнайы және коммуналдық техника паркін 18 бірлікке жаңарту болжанып отыр, ол қойылатын коммуналдық қызметтердің көлемін 10%-ке ұлғайтады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 23 қаңтардағы
N 90 қаулысына
15-қосымша

ЕСКЕРТУ. 15-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.11. N 90g қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі
--------------------------------------------

**2002 жылға арналған "Елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету"**
**076 бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны

20 407 202 мың теңге.

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясының 35, 66-баптары;

Қазақстан Республикасының "Жалпы әскери міндеттілік және әскери қызмет

туралы" 1993 жылғы 29 қаңтардағы N 1897-XII Заңының 7, 12, 13, 28, 35-баптары;

Қазақстан Республикасының "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1993 жылғы 20 қаңтардағы N 1901-XII Заңының 10, 12, 13, 14, 16, 17, 18-баптары;

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" 1993 жылғы 9 сәуірдегі N 2108-XII Заңының 2, 4, 12, 16, 18, 22, 25, 26, 33-баптары;

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау туралы" 1997 жылғы 19 мамырдағы N 111-I Заңының 7, 10, 14, 15, 24-баптары;

Қазақстан Республикасының "Байланыс туралы" 1999 жылғы 18 мамырдағы N 382-1 Заңының 4, 13, 16, 17, 22, 24-баптары;

Қазақстан Республикасының "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2001 жылғы 15 желтоқсандағы N 273-II ҚРЗ Заңының 12-бабы;

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезекті іс-шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы;

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары әскери қызметшілерінің әскери киім нысаны мен айырым белгілері туралы" 1999 жылғы 22 қыркүйектегі N 215 Жарлығы;

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы" 2000 жылғы 10 қаңтардағы N 334 Жарлығы;

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы Әскери реформа тұжырымдамасы мен Қазақстан Республикасындағы Әскери құрылыстың 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" 2000 жылғы 7 шілдедегі N 418сс Жарлығының 1, 2, 3-тармақтары;

"Қазақстан Республикасының әскери темір жолдар, өзендер мен әуе тасымалдауларының жарғысы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1994 жылғы 5 сәуірдегі N 328-12 Жарлығының 41-73, 94-112 тармақшалары;

"ҚР жергілікті әскери басқару органдары туралы ереже" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 мамырдағы N 560-30қ қаулысы;

"Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 қаңтардағы N 135 қаулысы;

"Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 наурыздағы N 368 қаулысы;

"Тылдық қамтамасыз ету түрлерінің нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 19 мамырдағы N 762 қаулысы;

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының Қарулы

Күштерін дамыту және қолдану тұжырымдамасымен айқындалған Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін дамыту және реформалау жөніндегі іс-шаралар өткізу туралы 2000 жылғы 19 сәуірдегі N 01-19/15 талаптары.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі Республикалық бюджет.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты

Бағдарламаның негізгі мақсаты - елдің қорғаныс қабілетін нығайту, әскерлердің жоғары жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін қамтамасыз ету.

Елдің аумағын, егемендігін, экономикасын, мемлекеттік институттарын, азаматтарын әскери қауіптен қорғау агрессияны болдырмау немесе әскери жанжалдарды шешу, Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Халықаралық әскери, әскери-техникалық және ынтымақтастықтың басқа да түрлерін ұйымдастыру.

Азаматтарды әскери қызметке шақыруды қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету үшін темір жолмен , әуе және көліктің басқа түрлерімен әскери тасымалдауларды орындау.

Қорғаныс министрлігінің құрамаларын, әскери бөлімдерін, мекемелерін, әскери оқу орындарын тылдық және техникалық қамтамасыз етудің барлық түрлерімен, техникамен және әскери мүлікпен қамтамасыз ету, сондай-ақ әскерлердің жауынгерлік қабілеттерін қамтамасыз ету мақсатында белгіленген нормалар бойынша әскери қызметшілерді тамақтандыруды ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери қызметшілерін, олардың отбасы мүшелері мен зейнеткерлерін дәрі-дәрмектермен, толық көлемде тегін медициналық көмекпен қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бөлімдері мен мекемелеріндегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларын бақылауды жүзеге асыру.

Кезекші күштерге сапалы, үздіксіз басшылық жасауды қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери округтері, түрі, әскер тектері, құрамалары, әскери бөлімдері мен мекемелерінің байланыс жүйесін өрістету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері

Әскерлерді, оларға қойылған міндеттерді орындаулары үшін ағымдағы тіршілік әрекеттерімен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің орталық басқару аппараттары мен ведомстволық бағынысты мекемелерін ағымдағы шығыстармен қамтамасыз ету.

Әскерлермен ұдайы жауынгерлік және жұмылдыру әзірлікті ұстауды қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің басшылығын мекендеген елдердегі әскери атташе өкілдерінің сыртқы және ішкі саясаты туралы әскери-саяси,

әскери-техникалық және әскери-экономикалық аспектілерін қоса ақпаратпен қамтамасыз ету.

Адамдар, көлік және материалдық ресурстары есебін, шақыру учаскелеріне тіркеуді, қызметке және оқуға шақыруды дайындау және жүргізу, Қазақстан Республикасының заңдарымен, Президенті мен Үкіметінің актілерімен регламенттелетін басқа да қорғаныс шараларын жүзеге асыру.

Әскерлер мен әскери жүктерді, әскери жүктер мен әскери қызметшілердің жеке мүлкін контейнерлік және қолжүктік көшіру және ауысу бойынша ұйымдастыруды қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің меншігінде тұратын темір жолдарының кіреберіс жолдары мен көшпелі құрамын дайындау.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жеке құрамына тиісті үлес нормаларымен уақытылы және толық жеткізуді қамтамасыз ету.

Әскери бөлімдерді технологиялық және басқа да жабдықтармен, қажетті керек-жарақпен, әскери мүлікпен, техникалық және басқа да құралдармен уақытылы қамтамасыз ету.

Әскери және жедел қорларды жинауды және ұстауды, оларды орналастыруды, ұзақ сақтауда тұратын мүлік пен техникалық құралдардың барлық түрлерін сақтауды және уақытылы жаңартуды ұйымдастыруды жүргізу.

Ракета отыны компоненттері (РОК) мен жағар майды пайдаға асыру (жою) жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету, сондай-ақ РОК-ін сақтауды қамтамасыз ету.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнама талаптарын орындау.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі жауынгерлік кезекшілікті атқаруды, кезекші күштерді ұдайы жауынгерлік әзірлікте ұстауды ұйымдастыру.

Әскери бөлімдерді оларды ұдайы жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігінде ұстау үшін тұрақты байланыспен қамтамасыз ету.

Байланыстың инфрақұрылымын ұдайы әзірлікте ұстауды қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының Қарулы күштері байланысының жоғары тиімді өзара үйлескен сандық жүйесін құру.

Емдеу-алдын алу, санитарлық-эпидемиологиялық және басқа да медициналық бөлімдермен және мекемелермен қамтамасыз ету, сондай-ақ әскери бөлімдердің медициналық бөлімшелерін тиімді дәрі-дәрмектермен, диагностикалық, дезинфекциялау құралдарымен, бактериялық, емдеу-алдын алу дәрі-дәрмектермен, таңу және тігу материалдарымен қамтамасыз ету.

Әскери бөлімдерді диагностика және емдеу үшін электрокардиографалармен, физиотерапиялық аппараттармен және басқа да жабдықтармен жабдықтау.

Қажетті арнаулы оқу-әдістемелік әдебиеттермен және қатаң есептегі бланкілермен қамтамасыз ету.

Қару-жараққа, әскери техникаға, байланыс құралдары мен ақпарат беру және

әзірлеу құралдарына орташа және ағымдағы жөндеу жүргізу.
Ақпарат берудің автоматтандырылған жүйесіне көшу.
Штабтар мен әскери бөлімдер арасында өзара жергілікті желілерді құру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

---

Р/!Бағ.!Шағын!Бағдарла.!      Бағдарламаны (шағын          ! Іске    !Жауапты
с !дар.!бағ.  !ма (шағын!       бағдарламаны) іске         ! асыру   !орындау.
N !лама!дар.  !бағдарла.!        асыру жөніндегі            !мерзімі !  шылар
  !коды!лама  !ма) атауы!              іс-шаралар                   !         !
  !    !коды  !          !                                           !         !

---

1    2    3    4    5    6    7

---

076 Елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету

1 001 Орталық орган аппараты
1. Орталық органы аппаратының жеке құрамын тиісті үлес түрлерімен қамтамасыз ету (соның ішінде тиісті жеңілдіктер орнына шығыстарды өтеу және сол сияқты төлемдер); — жыл бойы — Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі
2. Тендерлер процедурасын өткізу және тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жеткізуге шарт жасасу; — жыл бойы — Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі
3. Орталық орган аппаратының қызметкерлерін оларға жүктелген міндеттерді орындау жөніндегі ағымдағы тіршілік әрекеттерін қамтамасыз ету және олармен байланысты шығыстарды төлеу; — жыл бойы

4. Жекелеген жағдайларда жыл
заттай мүлік үлестерінің, бойы
дәрі-дәрмектер мен медици.
налық тағайындалған басқа
да құралдарды сатып алу;
5. Өкілдік шығыстар; жыл
б о й ы
